

Жер учаскесіне қауымдық сервитут белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 28 шілдедегі № 1577 қаулысы. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 28 тамыздағы № 1716 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қостанай қаласы әкімдігінің 28.08.2023 № 1716 қаулысымен (қаулы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына сәйкес, жер комиссиясының 2022 жылғы 20 қаңтардағы № 812 қорытындысы, "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2022 жылғы 18 наурыздағы № 246 бұйрығымен бекітілген жерге орналастыру жобасы негізінде Қостанай қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Фортуна Мед" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне электрмен жабдықтау желілерін тарту үшін Қостанай қаласы, Абай даңғылы, 2 А (бұрынғы КЖБИ өнеркәсіптік аймағы) мекенжайы бойынша орналасқан, жалпы алаңы 0,5056 гектар жер учаскесіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Қостанай қаласы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Қостанай қаласы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қостанай қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Жүндібаев